

ТҰЛБА КӨЛДІҢ ТҰНЫҒЫН ЕМІП ӨСКЕН...

Бүгінгі өміріміз – ертенгі тарих беттері. Ал, тарих қашанда шындықты қалайды. Атамекенге келіп жатқан бүгінгі ұлы көштің тарихына, сол көште келген әрбір азаматтың істеген еңбегін, алған білімін дүниетанымдағы ерекшеліктеріне ыждағаттылықпен қарап, әділ баға беруіміз керек. Өйткені олардың арасында қазірдің өзінде қазақтың әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына мәңгі қаларлық еңбек етіп, із қалдырған азаматтар аз емес. Сондай сирек тұлғалардың бірі – Жәмлика Шалұлы.

Әлбетте, біз қазақ әдебиетін шетел жұрты жақсы біледі, тамаша қабылдайды деп, айтамыз. Ал, ресми түрде сол дүниелердің барлығына қандай адамдар қамқоршы болып, өресі биік, өркені асқақ әдебиетімізді жат-жұртқа таныстырып, қазақ халқына игі жақсылықтыр жасап жүргеніне тағы да көп мән бере бермейміз. Сондай үлкен қамқоршылардың бірі, бірі емес бірегейі – моңғол әдебиетінің 1960-70 жылдардағы үлкен бір буынының белді өкілі, осы – Жәмлика Шалұлы. Ол ұзақ жылдар Моңғолия Жазушылар одағының басқармасында жемісті қызмет атқарған, сүбелі шығармалары арқылы моңғол тектес әлемдегі күллі жұрттарға кеңінен танылған ұлты моңғол болмаса да, моңғол тілінде жазатын бірден-бір қазақ жазушысы. Қазақстанның 50-ден астам ақын жазушыларының антологиялық біріккен жинағын, қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы мен С.Мұқановтың «Ботагөз» романын сондай-ақ, «Қазақстан балалар жазушыларының біріккен жинағын» Жұбан Молдағалиев пен Қадыр Мырзалиевтің жеке поэзия кітаптарын моңғол тілінде сөйлетуді адалдықпен орындап, әдебиетіміздің алдында өзінің борышын абыроймен атқарды. Жәкеңнің

көкірегінде қанына біткен ұлттық табиғат, дүниетанымы мен қоса моңғол табиғаты екеуі қатар орын алған адам.

Ж.Шалұлы 1939 жылы Баянөлгей аймағының Тұрба көл ауылында дүниеге келген. Қазақ ауылында небәрі 3 жыл ғана ана тілінде білім алды. Жастайынан тағдыр азабын тартып, анасынан айырылып, ерте есейген Жәкең онан кейін моңғолдардың ортасында білім алып, 16 жасынан бастап жарық көре бастаған өз өлеңдерін моңғол тілінде жазады. Талантымен сол кезден-ақ, көзге түсіп, орта мектепті бітірісімен Моңғолия Мемлекеттік Университетінің моңғол тілі-әдебиеті факультетіне қабылданды. Аталмыш оқу орнын бітірісімен, Моңғолияның Жастар Одағының Орталық Комитетінде лауазымды қызметте болып, соңынан сол одақтың арнайы шақыруымен «Жастар ақиқаты» («Залуучуудын үнэн») газетінің бөлім меңгерушісі және «Мұрагер» журналында жауапты хатшы қызметін атқарды. Сол тұстарда моңғол тіліне Жәкеңдей жетік, оны жан дүниесімен сезініп жазатын бірде-бір қазақ ақыны болмаған.

Жәкеңде өзіне тән асыл қасиеті – әдебиеттің киелілігіне деген адалдығы, өзі туып өскен Алтай тауларының арынды өзендеріндей аққан сайын өршелене түсетін талмас таланты мен тау ұланына тән қажымас қайраты. Жәмлика жайында моңғолдың жаңа әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі С.Надмидтін мынандай бір баға берген сөзі бар. «Жәмлика дамылсыз күркіреп ағатын өзен тәрізді. Тау өзенінің сылдыраған мөлдір ағысына жан-тәнімен ғашық жазушы. Ол ұлы дарияның жайбырақат бола тұра, асау екпінімен арқырап ағатынындай алуан сиқырлы сырын көкірек күмбезіне сидырып, оны бүгінгі тірліктің алға ұмтылған арынды ағымына шебер үйлестіре біледі. Сондай-ақ, лайсыз мөлдір өмірдің телегей теңізіне қадам басқан ертеңін күнәсіз сәбидей армандайтын, өмірге үлкен құлшыныс жігермен ұмтылатын, өнердің сенімді өкілі екеніне қызыға да, таңданыспен

қараймыз...». Жәкең жайлы айтылған мұндай құрмет пен ізгілікті тілектің талайын тізбелеуге болады.

Жәкең моңғол әдебиетіне өзінің қазақы үнімен танылған қаламгер, базбіреулердей асқақтап ешқашан көкірек екпінін сыртқа шығарып, жат мінез танытқан емес. Керісінше, баяу бір қалыппен, өзінен бұрын өзгелерді, өзгелерден бұрын кейінгілерді құрмет тұтатын асыл мінезімен оқырмандарды баураған. Ізденіс пен оқып үйренуден жалықпайтын, қажырлы қасиетімен айналасындағыларды таңдандырмай қойған емес.

Жәкеңнің аудармашылық таланты сонау 1960 жылдардан басталады. Ол қазақ әдебиетінің інжу-маржандары – «Абай жолы» және «Ботагөз» романдарын моңғол тілінде сөйлеткен кезден-ақ, моңғол оқырмандарының халқымызға деген үлкен құрметі мен ізгілігі арта түсті. Аталмыш кітаптарды көрісімен-ақ, бұрынсоңды қазақтың мұндай әдеби мұраларын оқып көрмеген, қазақ десе қатыгез шабуылшылар мен жауынгер халық көздеріне елестейтін олар тарих қойнауынан Жоңғарлардың тоз-тоз болып күйреуі мен кешегі Оспан батыр жорықтарын сескене еске алатын болса, ендігі жерде қазақ халқының дархан көңілі мен өресі асқақ мәдениетіне тәнті болып, бас иетін болды. Міне, бұл жетістікті жазушының халқы үшін атқарған ерен еңбегі деп қалай айтпаймыз.

1973-ші жыл Жәкеңнің бұл игілікті істеріне Алматыда жатып құлағдар болған ұлы қаламгер Сәбит Мұқанов жас жазушы, аудармашы Жәмлика Шалұлына арнайы хат жолдап, ықылас білдірген. Әрине, Сәбендей тұлғаның ықыласы сонау бір қиыр шетте жат жұрт әдебиетінің өкілдерімен тайталасқа түсіп жүрген қазақ жазушысына қайтпас қайрат сыйлаған.

Жәкең 1980 жылдардан бастап екі жыл Баянөлгей аймағында отырып «Қара шаңырақ» («Их айл») романын жазып бітірді. Қаймағы бұзылмаған қазақы ортада ауылдағы малшы қауымымен екі жыл бірге өмір сүріп, солар көшсе көшіп, қонса қонып жүріп жазған

бұл еңбек күнделікті қазақы тірліктің әрбір көрінісін қолмен ұстап, көзбен көргендей етіп суреттеуімен әлемді ең жайлаған батыс өркениеті мен Алтайдың құзарлы шатқалында, байырғы қалпында сақталып қалған көшпелі салт тұрмысының көзге көрінбес, жасырын айқасын шеберлікпен сөз еткен.

Осы аталған жылдар ішінде Жәкең өзінің 4 бірдей кітабын жарыққа шығарды. Жазушы осындай шабытты шағында Моңғолия Жазушылар одағында кеңесші, басқарма мүшесі қызметін атқарды. Мен сол кезде Жазушылар одағының қасындағы Поэзия кафедрасында дәріс алып жүргеніме байланысты Жазушылар одағына күнделікті барып, Жәкеңнің кеңсесінде жиі-жиі болатынмын. Жолыққан сайын Жәкең болат ұшты қаламына қара сияны толтырып алып, ортасынан бөліп, үнемдеген ақ қағазға әлденені жазумен, аударумен отыратын. Мені қуана қарсы алып, қазақ халқы жайлы небір әңгімелер қозғап, көңіл сергітіп қалатынбыз. Мұны моңғол жазушылары да сезетін. Біздің бұл отырысты көріп, олар мәз-мейрам боп «Алтайдың ұлдары», «Қазақтың ұлы өкілдері», «Қазақтың қара шаңырағы» — деп, қалжыңмен қағытып, Жәкеңнің еңселі кеңсесінде қазақтың тарихын бір «төңкеріп» тастайтын. Моңғол қаламгерлерінің Абай, Жамбыл, Сәкен, Олжас, ұлы Мұхтар жайлы ой-пікірлерін Жәкеңнің сол бөлмесінде алғаш естіген едім. Сондықтан да, Жәкеңнің бөлмесі маған қазақ әдебиетінің Моңғолия Жазушылар одағындағы өшпес бір ошағындай сезілетін.

Жәмліха Шалұлының туындыларын оның тарихи тағдырына байланысты бірнеше кезеңге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке талдау жасау керек деп білеміз.

1960-1970 жылдардың аралығында Жәкең қазағына деген, тек қана романтикалық пәк сезімнен тұратын, сөйте тұра оны моңғол ұлтына тән дүние танымымен суреттейтін әдебиеттің жаңа бір үлгісін жасады. «Алтай тынысы» (Ұланбатыр.1972ж) алғашқы өлеңдері жинағын оқыған әрбір адам бірден осы тосын жаңалыққа тамсанады.

1970-1980 жылдардың аралығында халқының жақсы мен жаманын, қуанышы мен қайғысын шынайы зерттеп, тау қуысында сақталған ескілікті салты мол, қазақы тірліктен көкірекке түйгенін тосын түрде азаматтық өреде жеткізе білді. Осы жылдарда Ұланбатырда моңғол тілінде жарық көрген Жәкеңнің «Күн тау өзенінде салқындайды», «Тау шапағы» секілді поэзиялық, «Тау өзенінің тасқыны», «Күн серігі» сияқты прозалық жинақтары арқылы сол бір қазақы өмірдің жанды тірлігін қызықтай бастайсыз. Мүмкін, бұл – Жәкеңе жазушы ретінде бұйырған үлкен бір сый болуы да ғажап емес. Өйткені, түгел қазақтың әр елдегі тұрмыс-салты, дүниетанымы әр басқа екені енді-енді ғана белгілі бола бастағаны жоқ па?! Бұл тұрғыдан келгенде, Баянөлгей қазақтарының өмірі суреткер үшін тіпті де тосын.

Жастайынан моңғол ортада өсіп, жазушылық дүниетанымы өзіндік бояуымен қалыптасқан Жәкеңнің «Қара шаңырақ» романынан бастау алатын жазушының бұл жылдардағы туындылары моңғол оқырмандары үшін жаңадан ашылған әсемдік, сұлулық әлеміндей болды. Сондықтан да болар, Жәкеңнің аталмыш жылдарда жазған еңбектері моңғол жазушыларына бәйге бермеді. Бұл кезеңдегі ақын Жәмліқа, жазушы Жәмліқа, аудармашы Жәмліқаның туындыларын жеке-жеке талдау қажет.

1989 жылы атмекенге келіп аз күн аялдап қайтқаннан кейін Жәкең тағы бір қырынан көрініп, көптеген тосын туындыларын жазды. Уақыт тынысын айшықтайтын, заман өзгерісіне ашық көзқарасын танытатын қаламы жүрдек, батыл көсемсөзшіге айналды. 1980-1990 жылдар аралығындағы Жәмліқа Шалұлының атажұртқа келіп қауышқан жылдары болды. Бұрындары атамекен жайында тек қана баспасөз, кітап арқылы оқып білетін Жәкең тарихи отанымыздағы ақиқаттарды көзімен көріп, басынан өткізді. Қазақ тілінің мүшкіл халі, ұлт бірлігі туралы мәселе көтерген мақалалар топтамасын жазып, моңғолдың мәртебесі

ты да зұлмат кезеңнің құрбандығына шалған. Социалистік реализм кезінде социализмді қаралап кір келтіру қаламгерге тірідей көрге кірумен тең болғаны баршаға аян. Жәкең сол қағидамен шектелмеді. Қалам тартып жазған цензураның сүзгісінен де өтпейді-ау дегендерін қаптап жия берген. Соның нәтижесінде «Ескерткіш», «Жалғыз қызыл көздей», «Соқырдың ұлы» сияқты аянышқа толы өмірді суреттейтін әңгімелері дүниеге келген.

Иә, Жәкеңді моңғол тілінде жазатын жазушы дедік. Бірақ, қазақ өмірін суреттеу оның басты мақсаты, арманы. «Қызыл қозы», «Ұлар асу», «Аптап жаздың ақ жаңбыры», «Қозы-Көрпеш, Баяндай» әңгімелері («Сүмбіле», Алматы 2009) қазақтың қазіргі және өткен өмірін көз алдыңызға әкеледі. Қаршадайынан моңғолдар ішінде өмірін өткізген жазушы қазақ ауылының мұндай нәзік тұстарын бейнелеуі, ол моңғол тілінде жазуында ғана емес, қазақ болып туып, қазақы қаны жүрегінде тасығандығын көрсетеді.

Сондай-ақ, аталмыш жинаққа енген «Тау шапағаты» деп аталатын шағын хикаясын оқысаңыз, автордың үлкен бір қазақы ойды қозғағанын сезіп, көңіліңізді жадыратасыз. Қазақ қашаннан сұлу қыздарын, қыран бүркітін, арғымақ атын пір тұтып, ер жігіттің үш тірегі санаған. Аталмыш шығармада ешкімге елеусіз жан, елеусіз өмір үшін кейіпкердің қалай күрескенін бейнелеген тұста тау деген ұғым қазақ үшін асқар шың, ұлы өмір, ұлы келешек ретінде символдық сипат алады. Сол тау арқылы өмірге қайсар, бірақ, туадан мүгедек жігіттің аспанда қалқыған бүркіттің балапанын жаяу қуып ұстап алып, сол "ерлігі" арқылы біреудің әлпештеген жалғыз қызын қойынына алып, мақсатына жетеді. Шығарманың астарынан сол Алтайдағы қыр қазағының ауыр өмірі бірде оқырман жанына салмақ салса, енді бірде олардың көнеден бергі салтын бұзбай келе жатқан күнделікті тосын тірлігі жан-жүрегіңе бейбіт сыйласымдықты ұялатады.

Жәкеңнің естелік-эсселері көп жылғы ой толқынының әсері, өз ғұмырнамасы іспетті. Қазақтың ұлы әдебиеті туралы, өзі өмір сүрген Моңғол елі туралы, осы ғасырдың ұлы көші туралы оқырман қауымға ағынан жарылып, әңгіме етеді.

Иә, атам қазақ сый қонағына шараға құйған қымыз ұсынып, «бұйырыңыз» дейді ғой. Біз де, барша қауымға Алла сізге осы кітапты оқуға бұйыртысын демекпіз!

Жүкел ХАМАЙ,
*Түркі тілдес халықтардың II поэзия
фестивалінің лауреаты.*

I тарау

Әңгімелер, хикаяттар, повесть, мақалалар

СҮГІРЕТ

(әңгіме)

Кенжебайға әкесінен мұра қалған жоқ. Ауық-ауық көріп, өткенді есіне түсіретін жалғыз ескерткіш сақтап қалмағанына, күні бүгінге дейін өкінеді. Ұқыпты адамдар ондай дүниелерді үйінің көрікті жеріне көрмедей болдырып, іліп қою бүгінгінің әдеті емес пе?! Заманында ер затына лайық барлық бұйым әкесінде болған. Қазір көзден бұл-бұл ұшқан әшекей-әбзелі жарқырап жарасқан ер-тоқымы, күліктің көркін келтіріп, көргендер көзі тоймай қарайтын күміс жүгені, ою-өрнекті алпыс құймамен ажарландырылған, ауырлығы зіл батпан бір құлап белбеуі, сары мүйіз сабы, сары мыс сақинасы бар суы қанған, қамыс қынды қара пышағы, кезінде кім деген адам ағаштың ұрысынан ойып істегенін бір құдай білсін, сорпаның майы өбден сіңіп, жып-жылтыр қара ырғайдай болған, алақанға сыймайтын саптыаяғы, ор тұлкінің пұшпағынан ойып істеген, үкісі үлпілдеген даңғарадай керей тымағы... тағы-тағы заттары толып жатыр. Осылардың біреуін көзінің қарашығындай сақтап қалғанда ғой, мына қалалы жердегі үйі толған жиһаз бен көздің жауын алатын қуыршақ ескерткіштер, кітап сөресінің арасында ата-бабасының асыл мұрасы ретінде ерекшеленіп тұрмас па еді?! Сол жарықтық, әкесі жетпіс жасында дүние салған еді. Содан бері де тура қырық жыл өтіпті. Дүние – жалған деген осы.

Ал, Кенжебайға әкесінен қалғаны бір сүгірет қана.

пе, шіркін! Мұны Кенжебек түйсігімен түсінетін. Әкесі оны білсе де, білдіртпестен жүріп, өмірден өтті ғой! Осы жалғыз ұлын ойламаса, қырықтың жуан ортасында жесір қалған ер адам тағы да біреуге үйленіп, талай балалы болмас па еді?! Алдыңғы балалары тоқтамады. Ал, жалғыз қалған осы ұлымды өгей шешенің қолына қаратпайын деген шығар?!.

Баласы әкесінен енді бір байқағаны, ол қашанда еңсесін түсірмейтін, аса бір қуана да бермейтін. Бір ерекше қуанғаны – Кенжебайдың үйленген күні. «Қарашы балам, әкең от үрлеп бықсып отыратын. Әйел адамның қолы тиген оттың өзінен өзі лаулап жанғанын көрдің ғой?!», – деп көңілі босағанын алғаш көріп еді. Атасының айтқан осы жалғыз ауыз жылы сөзі, қазіргі қара кемпіріне өмір бақиға азығы болардай әсер етті. Атасын бірде бір ренжітіп көрмеді. Қара жұмысты жапыра жалғыз атқарып, тірлігін тіктеп, тік тұрғызды. Оған разы болған Кенжебек, «Келін босағасына тартады деген рас екен, сен әкеме ұқсаған қайсарсың!», деп әзілдеп мақтаса да, шынайы шындығын айтатын. Ал, келіншегі, «Атам сүнғыла адам ғой, жарықтық. Далаға шықсам, үйге келгенше асырам, шаршап, шөлдеп қалды ма деп. Менің қасқабағыма қарап, ішкі дүниемді біліп қоятынына қайран қалушы едім. Мұндай ата екiнiң бiрiне кездесе бермейдi. Егер, енем болса, қандай кiсi болғанын кiм бiлсiн. Кейбiр тұрғыластарымды көрiп жүрмiн ғой, «осы қақбас өлмедi, мына жалмауыз кемпiрдi құдай алмады!», деп жүргендерi», – дейтiн. Соны естiген Кенжебек, «Иттiң жауы – диуана, келiннiң жауы – кейуана!..» деп, қарқылдап келiп күлетiн. Мұндай үйде айғай-шу да болмаушы едi. Сәбилерiнiң мiнезi де атасына тартқан. Ендi ойласа, осының барлығы әкесiнiң қанынан қалған, көзге көрiнбес мұра екен ғой!

Бүгiн Кенжебек осылай ұзақ ойлап жатуына бiр себеп, оны ауыр науқас әбден меңдеткенi. Төсек тартғыш жатқанына қаншама ай болды. Уақыты таянғанын ендi сезiндi. Ауру – жүрек сырқаты. Дереву жазылып, дереву

қайталай қалады. Байыбына бармайсың. Мұнысы кәрі жүрек қалжырап, қайта қалпына келмейтіндей лекерлеп, әрен ұстап тұрғанға ұқсайды. Содан болды ма, соңғы бірер жылда өлім туралы көбірек ойлап, бұл дүниеге келген мән мағынасын, орындалған, орындалмаған арманын, артында не қалды, не қалмай жатқанын өзінше тәптіштейтін. Бүгін тағы да беу-беулеп, ауырып жатса да сонысы жалғасты. Алдынан қарсы қарап ілулі тұрған әкесінің сүгіреті емес, тура өзі кел-кел деп шақырып тұрғандай, өлсе де өлмес жерге барғандай, сол жерден тіл қатып тұрғандай болды. Жарықтық дүниеден озғанда ауылының көпзиратышының ішінде тастан таспадай өріп жиған бейіті, оған иісі аңқып, қаулап шыққан ақ жусан, осындай қиналып жатқанда тым болмағанда көзіне көрінсейші! Жоқ, жоқ! Өзі ғана көзіне бет-бейнесімен көрініп тұрып алды. Ал, шындығында бүгінгі күні өзі қайда, сол әкесінің сүйегі қайда. Арасы мыңдаған шақырым алыс қой. Енді қабырға тиістірің, сүйекке сүйек қосылып, бір жерде жату жоқ. Адам тағдыры-ай. Кеңжебек тағы да, құдайына сиыңды. Ойлаған ойынан болды ма, әлде айтып жатқан иман сөздеріне жаны иіді ме, жалғасы ұзай берді. Онысы кеудесіне сыймай, кең тыныс алдырмай бара жатқанға ұқсайды. «Әр кәлада бір қиял» демекші бірінен кейін бірі ой.

Тіршілігі думанды өтіпті ғой. Сондықтан болар, дәл қазір қиғысы келмейді. Ол тұрмақ, бұл жалғанның қызығына қызғанып, қызғаныш оты маздап жатты. Өмірдің ұзақ жолында істеген пендешілігінен қорқушы еді. Олай емес. Енді бір пенделік істеп өтсем артық емес, соған дейін жарығым сөнбесе, деп армандағандай болды. Балаларым – деді күбірлеп, сендер қандай қызықты, қандай өркендеп өскен заманда өмір сүрер екенсіңдер. Ана немерешөберелерім... Бірақ... Кімді пана тұтар екенсіңдер... Алла-тағала барлығын орын-орнына келтірер... Пана болар... Көзінен жылы тамшы баяу сорғалады. «Жылаған көздің бақыттың ұясы» демеуші ме еді қазақ!

Осы екен кенет жүрегінің соғысы балғаның босаған

басындай сылқ етіп, олай-бұлай бола бастады. Бірақ, ақыл-ойы тұнық, бұл дүние тіпті жарқырап көрінгендей болды. «Әкеме қарап өлейінші. Өмір бойы от пен суыма күйген қара кемпіріммен қоштасайыншы». Ол тілін кәлимаға осылай келтірді. Қолын әрең қимылтадып, қасында көз алмай тұнжырап отырған кемпірінің қолын білінер-білінбес қысты. Онысы өмірге білер-білінбес келіп кеткеніне ұқсағандай. Бірақ, ұлық болды ма, кішік болды ма кім білсін, өзі бір дүние болып өмірді баз кешкен жан адам түрінен аруаққа айналып, үзіліп бара жатты...

...Сол күннен бері қаншама заман өткенін ешкім айтпайды да, еске де алмайды. Әйтеуір, бала-шаға шуылдап-шұрқыраған осы үлкен шаңырақ төрінде бұрынғыдай Кенжебектің әкесінің сүгіреті емес, оның орнына өзінің сүгіреті ілулі тұратын болыпты!

ЖАЛҒЫЗ ҚЫЗЫЛ КӨЗДЕЙ

(өңгіме)

Құстың тұмсығындай қысқа түн өте шықты. Құлан иектеніп таң атып келеді. Шығыс алқызыл нұрдың шуағына малынып, сонау алыстағы мұзды таудың ар жағынан алып бір нұрдың ұлы толқыны өз сабасына сия алмай, көтеріле тасып келе жатқанға ұқсайды. Осы бір жұмыртқадай ақ отаудың ішіне де бұл таңның сүт сәулесі жадырай тарап, үйде не бар, соның барлығын сылап-сипап оятқандай. Өмірқожа тәтті ұйқысының құшағында денесі балбырап, маужыраған күйі жата бергісі келген. Жары Күләш ақ білегін оның күреңіткен, тынысты кең кеудесіне артып, үлбіреген демін білінер-білінбес алып, торғындай жұмсақ құлын денесі өте бір алаңсыздықтан жайбырақат жайылып жатты. Кірпіктері қиылып, қара шашы төгіліп, үлбіреген тамағынан нұр шашылады.

Жар төсегінде жарасқалы жыл уақыты да болмаған бұлардың өмірі ай санап емес, күн санап әр уақыт

сайын балдай тәттіленіп бара жатқан. Осындай бір қимас шақты үркітіп алмайын дегендей Өмірқожа Күләштің бетінен ақырын емірене иіскен, ерте оятып алудан именгендіктен, қозғала алмады. Бірақ, ұйқысы шайдай ашылды. Шаңырақтан түскен күннің алғашқы сәулесі үкілі шымылдықтың ар жағынан күлім қаққандай болды. Бұл күннің көтерілгенінің белгісі. Ұйқысы шайдай ашылған себебі, ол бүгін алыс жолға сапарға шықпақ. Даладағы бетке үстар торы төбелі түні бойы қаңтарулы тұр. Құдай жол берсе, бүгін таңертең аттанып, екі күннен кейін көздеген жеріне жетпек. Оны армандап, ойлап жатқан жоқ, шын мәнінде өзіне сондай сенімді. Аллаға шүкіршілік, үйленді, отау көтерді. Азды-көпті малы әке-шешесінің қолында. Елдің айтуынша, жаңа мизам келіп, кедейге күн туды. Соның нышаны. Өмірқожа осылай ойлап, осылай толғанады. Соның ішінде екі нәрсеге көңілі тасығандай. Біріншісі – жары Күләш. Қолына қонған алтын құсы, сүйіп алған, текті де жердің қызы. Екіншісі – осы өлкеде жоқ, дүйім жұртқа атағы шығып, даңқы артқан ұяң құйрық, қақпан бел, шоқтығымен жер сызған торы төбел аты. Ол аяғын көсілтіп көсем тастағанда иесі тыныштық тауып, сәл ырғалып, әлдиленіп, тербеліп келе жатқандай болатын-ды. «Ақ дәмге тапсырдым, арындап алдымнан шық» – деп қаншама рет аламан бәйгеге қосты. Сонда ащы тері де шықпайды. Құйрық тістеп келетіндер де кемде-кем. Жиылған толтың алдында шылбыр ұстатып «ат бәйгелі болсын!»-ды естіп, мөлдіреген көзін қуанышпен қарал тұрғанда Өмірқожа осы сәйгүлігіне сіңіп кеткендей жүрегі ел жірейді. Ал, «Шын сыншы ат қояр, желіде тұрған құлынға» демекші, оны көргендер іштей таңғала тамсанып, қызығып қызғанып, «Шіркін, өзімдікі болар ма еді!» – дегендердің талайы болды. Бірақ, Өмірқожа қайсыбіреудің сұқ көзі, улы тілі тиеді деп тобыр жиынға санаулы баратұғын. Бара қалып бәйге алса, онысын көпке таратып, ел-жұрттың игі тілегіне бөленетін. Көңіліне кір қалдырмайтын.

ақсақалды өкірген молда деп үрім-бұтағымен, анау бір қойдай момын Габитті, тағы да анау Ботекең, Шыпан, Төлек руларының қаншама адамын ұстады. Аймақ, сұмынның адамдары мұның алдында құрша жорғалайды. Сонда мен құмырысқа емеспін бе!»

– Келістік, ағеке, онда!

– Келіссең жол болсын!

...Ол, Телқараның межелеп айтып берген жеріне таяды. Күн жарым қажымай талмай жүрген. Соңғы қыраттың үстіне шықты. Ары еңкейіп түссе үлкен ойпат, ойпат тола қарағай, самырсын, қайың өскен. Қасынан Қобда өзені шымырлап баяу ағып жатыр. Сол тоғайдың ішіне жетсе болды. Өзенге жақын, сал қылып байлауға қолайлы жер табады. Осылай ойлап тұр еді, мылтық тарс етіп, Өмірқожа аттан ұшып түсті. Жығылып бара жатқанда Телқараның мықынында жүретін мылтығы көзіне елестегенді. Қанша уақыт жатқанын білмей, бір кезде есін жиды. Көзін ашса бір шоқпар тасты соға жығылыпты. Бетін қан жапқан. Оқ қай жерінен тигенін білмейді, әйтеуі кеудесі қозғалтпайды, тастай ауыр. Мойнын ақырын бұрып еді, көк аспан, күн көрінді. Құлағалы көп уақыт болмағанын білді. Одан сәл мойнын қозғап еді, жартастың үстінде мылтығын кезеген Телқараны көрді. Өмірқожа тісін қайрап, «көріңде өкіргірі!» дегені, қанды көбік бұрқырап жатқан аузынан ары шықпады.

– Бір тулағыңды бермеп едің, қойдың құмалағындай қорғасынға қор болғаның осы. Енді қатының да менікі...

Телқараның бұл сөзіне қаны қайнаған Өмірқожа қалайша ұшып түрегелгенін өзі де білмей қалды. Алға қарай бір аттап қалып еді, мылтық тағы да тарс етті. Енді ол мәңгілік қараңғыға сіңіп бара жатты.

Телқара Өмірқожаның денесін аяғынан сүйреп, үлкен бір қой тастың астындағы қуысқа тықты. Өткір пышағын, айбалтасын алды. Содан қуыстың аузын бірнеше таспен жапты да, торы төбелге қарады. «Енді сен де менікі, Күләш та менікі», – деді, күбірлеп. Қанына қарайған оның өңі сұсты еді. Тымағының қара жылтыр

қалқасынан ұстап көтерді де, торы төбелге мінді.

...Ол жарты күн жүріп, үлкен бір қорым тастың шетіне келгенде, алдынан алпамсадай болып Садық деген кездесті. Садықты жақсы біледі, айтқанынан шықпайтын бір құйыршық. Ол кездескен жерден мәймөңкелеп: «Сіздей кісіге осындай сәйгүлік жарасады. Өмірқожа қайта сізге бергеніне қуану керек. Солай емес пе, әпсер, қайдан келесіз?» – деді. Кім кездесе де куәгер болдыруға бел байлап келе жатқан Телқара:

– Мына Өмірқожа, нақ халық жауы екен. Қытайға асып бара жатқан жерінде қуып жеттім әйтеу! Сайланғанын көрдің бе? Жүйрік аты мынау, жап-жаңа тағаланған. Пышақ, балтасы сай, ас суы да дайын. Біз осындаймен алысатын өкімет адамымыз. Садық, сен осының барлығына куәгер боласын.

– Құп! Сонда Өмірқожа, ар жаққа өтіп кетті ме?

– Жоқ. Менімен екі-үш сағат алысты. Соңынан әлім жетпей аттым.

– Тақсыр, халық жауына сол керек. Мұндайлармен алысып-жұлысып, өлім үстінде жүретін сіздер мықтысыздар ғой... мықтысыздар! Өстіп жүріп жаңа заманды орнатпаса болмайды. Қазіргі заман сіздердікі...

Телқара атын ақырын тебініп:

– Иә, дұрыс айтасын, – деді.

Ол құстай ұшып келеді. Жарықтық торы төбел үйреншікті үй, жүрген жер, байлайтын кермесі жақындаған сайын зулайды. Телқара мұның жүрісіне бір кенелгендей. Бұл күні таңертен жауын жауған. Жауғанда да қатты нөсерлеткен. Жердің беті дымқыл. Торы төбелдің сілте тастаған екпініне ойдым-ойдым болып, тағаның ізі артында зымырап қалып жатты...

Телқараның маңдайындағы жалғыз қызыл көздей қызыл бесбұрыш жалт-жұлт етеді. Ат дүбірін естіген Күләш далаға шықты. Қарақшының астындағы торы төбел ағты көргенде, оның өңі тұтылған Айдай өзгере берді...

«ЕСКЕРТКІШ»

(эссе-әңгіме)

Мен ерте тұрдым. Көңілім толқулы. «Үһ» дедім-ау, әйтеу. Осы қалада табандап жүріп, он жылдық, одан университетті тәмандап кеудеме «ромбо» жарқыратқан бұл күні неге толқымасқа?..

Далаға шықтым. Қап-қара бұлт жер бауырлап, үлкен қаланы тұншықтырып алыпты. Кеудені зіл басқандай. Менің көңілім жадырап, тарқатылған жіптей жазылса да, сезінер емес. Сорайып, мойнын созып тұратын заводтардың мұржалары да, ақ мрамардай жарқыраған университетің бес қабат бағаналы зәулім сарайы да, қытай ауданының тоқал тамдары да, тізіле қатарласқан киіз үйлер де бозғылт тұман, қара бұлтқа еріп бара жатқандай, бұлдыр көрінеді. Сол бүйірімізден өтетін Зайсан тас жолының бойында автобуска симай шуылдап, артынан тарс-тұрс ере жүгіріскен көрі жастың қарғыс жаудырып, ызаланған өктем дауыстары естіледі. Бұл – күнделікті әдет. Оған көңілім аумады. Әудем жерге жүгіре басып жөнелдім. Әудем жер дейтінім, үйіміздің қасындағы, мен бітірген мына университет алдында көсеміміздің* еңселі ескерткішінің қасында қурстастарыммен кездесуім керек.

Бұл ескерткіштің қасынан мен күнде алуан рет арлы-берлі өтетінмін. Ол, табиғаттың төрт мезгілінде, ашық аспан астында міз бақпастан сабыр сақтап, анау Боғда тауына көз тігіп, иығындағы «маршал» атағының алтын сары күлтелі шашағы аздап желбіреп бара жатқанға ұқсап тұратын.

Жүгіре басып, уәделескен жерге жетсем, достарым ғана емес, иін тірескен халық жиналыпты. Сасқалақтап қалдым. Барлығының өң түсі мына бұлыңғыр аспандай, қара түнек. Бұдан отыз жыл бұрын қабырғамызды қайыстырып, қайтпас жолға аттанған көсеміміз бүгін, осы арада көз жұмғандай...

* Көсеміміз - МХР-дың басшысы – бір кездегі Мәскеудің қолшоқпары болған – Маршал Чойбалсан

бара жатқанда, оның бетінен байқаусызда шоп еткізіп сүйіп алдым.

Сол-ақ екен, мұндай сәтті күтіп, тағат таппай жүрген Галмандах,

– Мә, Муу Османы ұлдәгдәл! («Мә, сүмпайы Оспанның қалдығы!») Шаманды білсейші! деп, қолын сілтеп қалды. Қарулы, зінгітей жігіт бала. Мұрнымнан қан дір етіп, кеужірім қақ айырылғандай, зырқырап, көзімнен жас ыршып кетті. Ол, ол ма, қасындағылар да қосылып төнестен жатыр. Олардың сөз байласқанын сезе қалдым. «Кімнің қалдығы екенімді көрсетейін» деп оқша атылсам да, кешігіппін. Көптің аты көп. Итше талады.

«Оспанның қалдығы» дегені мені жерге кіргізе мұқатқаны. Осындай бір қазақ батыры, Моңғолдардың өшпес жауы болған. Барлық қазақ баласын қымс етсе сөйтеді. Бұл сөзін айтса, олар бізден ғұмырлық өшін алғанмен тең санайтын. Бұл сөзді мен ес білгеннен естіп келем. Бес алты жастағы кезімде Жарғал айтқан. Жарғал Өлзийт шалдың немересі. Өлзийт деген кеудесін орден, медальға малған жырти көз, сықпа, қара шал. Қазақтың батырын ұстауға барып, оның бала-шағасын өлтіріп, үрім-бұтағын құртқаны үшін маршал Чойбалсаннан орден алған. Он жылдық мектепте оқып жүргенде, ұл қыздарға патриоттық тәрбие беру туралы жиын-жиналыс болса, сол шал ордендерін тағып, қарсы алдымнан қарсы отырады да, бір сөйлесе көп сөйлейтін. Сондай бір жиында, «Әке-шешем Оспанның қалдығы болсын мейлі, мен қалай боламын. Танымаймын білмеймін!» дедім, әдейге. Есіктен шыға бере, «Ей, Оспанның қалдығы бері кел!» деп немересі шақыратынды іштей сезіп тұрдым. Орденді шал ебдейсіздеу қозғалып,

– Мына қасқырдың күшігі тауға қарап ұлып тұр! – деп залдағыларды ду күлдірді де, бізде «шешесі ала болса, баласы құла туады» деген сөз бар деп жауап қайтарды. Көп сөзге барған жоқ. Ал, мен болсам, әлгі батыр атам Оспанның қалдығы күйі қала бердім.